

Бекітемін
« Облыстық
көркемөнерпаздардың
халық шығармашылығы
мен кинобейнеқор орталығы»
КМҚК басшысы



Д.Қалқаев

қаңтар 2022 ж.

**«Алтын микрофон-2022» Халықаралық
әншілер байқауына облыстық on-line іріктеу кезеңінің
ЕРЕЖЕСІ**

ӨТКІЗІЛУ МЕРЗІМІ

2022 жыл, ақпан- наурыз

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР

- «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы»ММ;
- «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы» КМҚК.

БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру;
- өскелең ұрпақтың шығармашылық әлеуетін қалыптастыру;
- шығармашылық байланыстар орнату, ұжымдар мен жетекшілер арасындағы қарым-қатынасты нығайту.

БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

- дыбыс тазалығы;
- ырғақты нақты орындау;
- репертуардың күрделілігі;
- орындаушылық шеберлік деңгейі;
- әртістік қабілеті;
- сахна мәдениеті;
- динамикалық реңктерді және нақты дикцияны, артикуляцияны сақтау.

БАЙҚАУДЫҢ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ

- 2022 жылғы облыстық on-line іріктеу кезеңінің қазылар алқасы кәсіби орындаушылар, белгілі музыканттар, Қазақстан Республикасының, сондай-ақ Қостанай облысының мәдениет және өнер қайраткерлерінен құралады.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

- 2022 жылдың облыстық on-line іріктеу кезеңі Қостанай облысында жас таланттарды анықтау, олардың шығармашылық дамуына әрі қарай жан-жақты қолдау көрсету мақсатында өткізіледі. Облыстық on-line іріктеу кезеңі Халықаралық ән байқауына Қостанай облысының делегациясын қалыптастырады;
- облыстық on-line іріктеу кезеңіне Қостанай облысында тұратын 7 жастан 23 жасқа дейінгі (қоса алғанда) төрт жас санаты бойынша жүргізіледі (қоса алғанда): 7-10 жас; 11-13 жас; 14-17 жас; 18-23 жас қатысушылар қабылданады;
- іріктеу on-line тыңдауында қатысушы орындау тілі бойынша шектеусіз эстрадалық жанрдағы қатысушының жасына сәйкес келетін, екі вокалдық шығарманы орындайды.

ON-LINE БАЙҚАУНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ

- байқауда шығарманы «минус» фонограммасымен орындау және аудиожазбалар келесі сандық «тасығыштар» бойынша қабылданады: MD; CD; flash card. **Кез келген форматтағы «караоке» фонограммаларын пайдалануға тыйым салынады;**
- шығарманы «жанды» аспаптық сүйемелдеуімен немесе өз сүйемелдеуінде орындау;
- вокалдық сүйемелдеуді орындау кезінде үш адамға дейін («бэк-вокал») және хореографиялық топты (8 адамнан артық емес) пайдалану;
- «плюс» фонограммасы бойынша (*негізгі вокалдық партияның оркестрлік фонограммасында жазылған вокалдық унисон*) туындыларды орындауға және «бэк-вокалдық» партиялары бар фонограммаларды пайдалануға тыйым салынады;
- аталған бұзушылықтар қатысушыны байқаудың бағдарламасынан шығару үшін негіз болып табылады.

ON-LINE ФОРМАТЫНДА ӨТІНІМ БЕРУ ШАРТТАРЫ

- байқау түсірілген бейнематериал бойынша өткізіледі;
- бейне орнатусыз, көлденең калыпта бір дубль болуы керек;
- байқаудың барлық талаптарына сәйкес бейне жіберу;
- **бейне сапасының нашарлығына, фонограмма дыбысына жол берілмейді;**

- байқау қорытындысы **15 наурыз күні** Instagram@culture_qostanai парақшасында жарияланады.
- байқауға қатысушылардың белгіленген нысандағы ресми (*осы Ережеге қосымшаны қараңыз*) өтінімдері мен бейнематериалдары **2022 жылдың 28 ақпанына дейін** Altyn-mikrofon@ocsnt.kz электрондық почтасы және Қостанай қ., Лермонтов к-сі, 15 мекен-жайы бойынша қабылданады
тел: 8(7142)56-01-29.
Қосымща: Ереже, өтінім.